

ISSN 2224-526X

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Л А Р Ы

---

---

## ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ АГРАРНЫХ НАУК



SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

1 (37)

ҚАҢТАР – АҚПАН 2017 ж.  
ЯНВАРЬ – ФЕВРАЛЬ 2017 г.  
JANUARY – FEBRUARY 2017

2011 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 2011 ГОДА  
PUBLISHED SINCE JANUARY 2011

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ  
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД  
PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА  
АЛМАТЫ, НАН РК  
ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

**Есполов Т.И.,**

э.ғ.д, профессор,

ҚР ҰҒА академигі және вице-президенті

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

**Байзақов С.Б.**, э.ғ.д, проф., ҚР ҰҒА академигі (бас редактордың орынбасары); **Тиреуов К.М.**, э.ғ.д, проф., ҚР ҰҒА корр-мүшесі (бас редактордың орынбасары); **Елешев Р.Е.**, т.ғ.д, проф., ҚР ҰҒА академигі; **Рау А.Г.**, т.ғ.д, проф., ҚР ҰҒА академигі; **Иванов Н.П.**, в.ғ.д, проф., ҚР ҰҒА академигі; **Кешуов С.А.**, т.ғ.д, проф., ҚР ҰҒА корр-мүшесі; **Мелдебеков А.**, а.ш.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі; **Чоманов У.Ч.**, т.ғ.д, проф., ҚР ҰҒА академигі; **Елюбаев С.З.**, а.ш.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА корр-мүшесі; **Садықұлов Т.**, а.ш.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА корр-мүшесі; **Сансызбай А.Р.**, а.ш.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА корр-мүшесі; **Умбетаев И.**, а.ш.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА корр-мүшесі; **Оспанов С.Р.**, а.ш.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА құрметті мүшесі; **Олейченко С.И.**, а.ш.ғ.д., проф.; **Кененбаев С.Б.**, а.ш.ғ.д., проф., ҚР АШҒА академигі; **Омбаев А.М.**, а.ш.ғ.д., проф.; **Молдашев А.Б.**, э.ғ.д, проф., ҚР ҰҒА құрметті мүшесі; **Сагитов А.О.**, б.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі; **Сапаров А.С.**, а.ш.ғ.д., проф., ҚР АШҒА академигі; **Балгабаев Н.Н.**, а.ш.ғ.д., проф.; **Умирзаков С.И.**, т.ғ.д, проф.; **Султанов А.А.**, в.ғ.д., проф., ҚР АШҒА академигі; **Жамбакин К.Ж.**, б.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА корр-мүшесі; **Алимқұлов Ж.С.**, т.ғ.д., проф., ҚР АШҒА академигі; **Саданов А.К.**, б.ғ.д., проф.; **Сарсембаева Н.Б.**, в.ғ.д., проф.

Р е д а к ц и я к ең е с і:

**Fasler-Kan Elizaveta**, Dr., University of asel Switzeland; **Koolmees Petrus Adrianus**, Prof. Dr., Utrecht University, The Netherlands; **Babadoost-Kondri Mohammad**, Prof., University of Illinois, USA; **Yus Aniza Binti Yusof**, Dr., University Putra, Malaysia; **Hesseln Hayley Fawn**, As. Prof., University of Saskatchewan, Canada; **Alex Morgounov**, Pr., International Maize and Wheat Improvement Center Turkey; **Андреш С.**, Молдова Республикасы ҰҒА академигі; **Гаврилюк Н.Н.**, Украина ҰҒА академигі; **Герасимович Л.С.**, Беларусь Республикасының ҰҒА академигі; **Мамедов Г.**, Азербайджан Республикасының ҰҒА академигі; **Шейко И.П.**, Беларусь Республикасының ҰҒА академигі; **Жалнин Э.В.**, т.ғ.д., проф., Ресей; **Боинчан Б.**, а.ш.ғ., проф., Молдова Республикасы.

Главный редактор

**Есполов Т.И.,**

доктор эконом. наук, проф.,  
вице-президент и академик НАН РК

Редакционная коллегия:

**Байзаков С.Б.**, доктор эконом. наук, проф., академик НАН РК (заместитель главного редактора); **Тиреуов К.М.**, доктор эконом. наук, проф., член-корр. НАН РК (заместитель главного редактора); **Елешев Р.Е.**, доктор техн. наук, проф., академик НАН РК; **Рау А.Г.**, доктор техн. наук, проф., академик НАН РК; **Иванов Н.П.**, доктор ветеринар. наук, проф., академик НАН РК; **Кешуов С.А.**, доктор техн. наук, проф., член-корр. НАН РК; **Мелдебеков А.**, доктор сельхоз. наук, проф., академик НАН РК; **Чоманов У.Ч.**, доктор техн. наук, проф., академик НАН РК; **Елюбаев С.З.**, доктор сельхоз. наук, проф., член-корр. НАН РК; **Садыкулов Т.**, доктор сельхоз. наук, проф., член-корр. НАН РК; **Сансызбай А.Р.**, доктор сельхоз. наук, проф., член-корр. НАН РК; **Умбетаев И.**, доктор сельхоз. наук, проф., член-корр. НАН РК; **Оспанов С.Р.**, доктор сельхоз. наук, проф., Почетный член НАН РК; **Олейченко С.И.**, доктор сельхоз. наук, проф.; **Кененбаев С.Б.**, доктор сельхоз. наук, проф., академик АСХН РК; **Омбаев А.М.**, доктор сельхоз. наук, проф.; **Молдашев А.Б.**, доктор эконом. наук, проф., Почетный член НАН РК; **Сагитов А.О.**, доктор биол. наук, академик НАН РК; **Сапаров А.С.**, доктор сельхоз. наук, проф., академик АСХН РК; **Балгабаев Н.Н.**, доктор сельхоз. наук, проф.; **Умирзаков С.И.**, доктор техн. наук, проф.; **Султанов А.А.**, доктор ветеринар. наук, проф., академик АСХН РК; **Жамбакин К.Ж.**, доктор биол. наук, проф., член-корр. НАН РК; **Алимкулов Ж.С.**, доктор техн. наук, проф., академик АСХН РК; **Саданов А.К.**, доктор биол. наук, проф.; **Сарсембаева Н.Б.**, доктор ветеринар. наук, проф.

Редакционный совет:

**Fasler-Kan Elizaveta**, Dr., University of asel Switzeland; **Koolmees Petrus Adrianus**, Prof. Dr., Utrecht University, The Netherlands; **Babadoost-Kondri Mohammad**, Prof., University of Illinois, USA; **Yus Aniza Binti Yusof**, Dr., University Putra, Malaysia; **Hesseln Hayley Fawn**, As.Prof., University of Saskatchewan, Canada; **Alex Morgounov**, Pr., International Maize and Wheat Improvement Center Turkey; **Андреш С.**, академик НАН Республики Молдова; **Гаврилюк Н.Н.**, академик НАН Украины; **Герасимович Л.С.**, академик НАН Республики Беларусь; **Мамедов Г.**, академик НАН Республики Азербайджан; **Шейко И.П.**, академик НАН Республики Беларусь; **Жалнин Э.В.**, доктор техн. наук, проф., Россия; **Боинчан Б.**, доктор сельхоз. наук, проф., Республика Молдова.

**Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия аграрных наук.**

**ISSN 2224-526X**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № **10895-Ж**, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219-220, тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://nauka-nanrk.kz/agricultural.kz>

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Chief Editor

**Espolov T.I.,**

Dr. economy. Sciences, prof.,  
Vice President and member of the NAS RK

Editorial Board:

**Baizakov S.B.**, Dr. of economy sciences, prof., academician of NAS RK (deputy editor); **Tireuov K.M.**, Doctor of Economy Sciences., prof., corresponding member of NAS RK (deputy editor); **Eleshev R.E.**, Dr. Of agricultural sciences, prof., academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan; **Rau A.G.**, Dr. sciences, prof., academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan; **Ivanov N.P.**, Dr. of veterinary sciences, prof., academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan; **Kesha S.A.**, Dr. sciences, prof., corresponding member. NAS RK; **Meldebekov A.**, doctor of agricultural sciences, prof., academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan; **Chomanov U.Ch.**, Dr. sciences, prof., academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan; **Yelyubayev S.Z.**, Dr. of agricultural sciences, prof., corresponding member. NAS RK; **Sadykulov T.**, Dr. Farm. Sciences, prof., corresponding member. NAS RK; **Sansyzbai A.R.**, doctor of agricultural sciences, prof., corresponding member. NAS RK; **Umbetaev I.**, Dr. Farm. Sciences, prof., corresponding member. NAS RK; **Ospanov S.R.**, Dr. agricultural sciences, prof., Honorary Member of the National Academy of Sciences of Kazakhstan; **Oleychenko S.N.**, Dr. Of agricultural sciences, prof.; **Kenenbayev S.B.**, Dr. Agricultural sciences, prof., academician of the Academy of Agricultural Sciences of Kazakhstan; **Ombayev A.M.**, Dr. Agricultural sciences, Prof.; **Moldashev A.B.**, Doctor of Economy sciences, prof., Honorary Member of the National Academy of Sciences of Kazakhstan; **Sagitov A.O.**, Dr. biol. sciences, Academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan; **Saparov A.S.**, Doctor of agricultural sciences, prof., academician of the Academy of Agricultural Sciences of Kazakhstan; **Balgabaev N.N.**, the doctor agricultural sciences, Prof.; **Umirzakov S.I.**, Dr. Sci. Sciences, Prof.; **Sultanov A.A.**, Dr. of veterinary sciences, prof., academician of the Academy of Agricultural Sciences of Kazakhstan; **Zhambakin K.J.**, Dr. of biological Sciences, prof., corresponding member of. NAS RK; **Alimkulov J.C.**, Dr. of biological sciences, prof., academician of the Academy of Agricultural sciences of Kazakhstan; **Sadanov A.K.**, Dr. of biological Sciences, Prof.; **Sarsembayeva N.B.**, Dr. veterinary sciences, prof.

Editorial Board:

**Fasler-Kan Elizaveta**, Dr., University of Basel Switzerland; **Koolmees Petrus Adrianus**, Prof. Dr., Utrecht University, The Netherlands; **Babadoost-Kondri Mohammad**, Prof., University of Illinois, USA; **Yus Aniza Binti Yusof**, Dr., University Putra, Malaysia; **Hesseln Hayley Fawn**, As. Prof., University of Saskatchewan, Canada; **Alex Morgounov**, candidate of agricultural sciences, International Maize and Wheat Improvement Center Turkey; **Andresh S.**, academician of NAS of Moldova; **Gavriluk N.N.**, academician of NAS of Ukraine; **Gerasimovich L.S.**, academician of NAS of Belorassia; **Mamadov G.**, academician of NAS of Azerbaijan; **Sheiko I.P.**, academician of NAS of Belorassia; **Zhalnin E.V.**, Dr. of technical sciences, professor, Russia, **Boinchan B.**, doctor of agricultural sciences, prof., Moldova.

**News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Agrarian Sciences.**

**ISSN 2224-526X**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 10895-Ж, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 300 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of.219-220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,  
<http://nauka-nanrk.kz/> [agricultural.kz](http://agricultural.kz)

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty\

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES**

ISSN 2224-526X

Volume 1, Number 37 (2017), 136 – 141

**Ye. Baimazhi, M. Risbaev, A. Esekееva**

Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: rusmur2111@gmail.com

**GROWTH AND DEVELOPMENT OF LAMBS DEGERES SHEEP  
DEPENDING ON THE LEVEL WOOL CLIP**

**Abstract.** This article presents the results of studies of growth and development of lambs Degeres fat-tailed sheep breeds, depending on the level of wool clip.

**Keywords:** breeding, male, female, selection, homogeneous and heterogeneous selection, wool yield, growth and development, gender, fat-tailed sheep, valuation.

ӘОЖ 636.38(5)-082.2

**Е. Б. Баймәжі, М. Рысбаев, А. Т. Есекеева**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

**БИАЗЫЛАУ ЖҮНДІ ДЕГЕРЕС ҚОЙЫНЫҢ ҚЫРҚЫЛҒАН  
ЖҮН ТҮСІМІНІҢ ДЕҢГЕЙІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ  
ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ӨСІП-ЖЕТІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аннотация.** Алматы облысы, Жамбыл ауданы «Мәди» асыл тұқымды жеке шаруа қожалығында өсірілетін құйрықты дегерес қой тұқымының аталық және аналық малдарын қырқылған жүн түсімінің деңгейіне байланысты селекцияның әртүрлі (гомогенді және гетерогенді) жұп таңдау әдісі арқылы алынған ұрпақтарының өсіп-жетілу ерекшеліктері зерттелінді.

**Түйін сөздер:** селекция, аталық, аналық, сұрыптау, жұп таңдау, жүн түсімі, гомогенді, гетерогенді, өсіп-жетілу, дегерес, құйрықты қойлар, бонитировка.

**Кіріспе.** Қазіргі кезде еліміздің мал шаруашылығының жетекші саласының бірі бұл - қой шаруашылығы екендігі белгілі және болашақта да солай бола бермек. Себебі қой негізінен табиғи жайылым малы болып табылады. Еліміздің 180 млн. гектарға жуық табиғи жайылымын тек қой малы ғана тиімді пайдалана алады. Соның нәтижесінде ең арзан ет, жүн, тері басқа да өнімдер өндіруге болады. Сондықтан Қазақстан даласын қой малынсыз елестету мүмкін емес. «Қойды құмға, жылқыны қырға, сиырды сыртқа, түйені сорға жай», - деген қазақтың нақыл сөзі жайылымның түрлерінің мол екенін білдіреді. Жалпы қой малы жаратылысынан жайылымға жақсы бейімделген түлік. «Тұяқ отқа бөлінеді, от жерге бөлінеді» демекші, қазақ жерінің көшпелі таулы – қыратты, құмайтты, шөлейтті жерлері жеткілікті. Жоғарыда аталған алуан түрлі табиғи жайылымдарды қой малындай ешқандай түлік тиімді пайдалана алмайды. Қой малы өте төзімді келетіндіктен ауа райы өте суық немесе аса ыстық жерлерде де жақсы өсе береді және ондай жерлерге оңай жерсіне алады. Қой үшін құлазыған шөл де, шыңы биік тау да бірдей. Бұлардың қайсысын болса да өте тиімді пайдаланады.

Шөл, шөлейт және таулы аудандарда қой шаруашылығымен мал шаруашылығының ешбір саласы бәсекеге түсе алмайды. Шын мәнінде қой табиғи жайылымдардың ең арзан жем – шөп

ресурстарын игеріп, адам үшін тамақ өнеркәсібіне және өнеркәсіп үшін шикізатқа айналатын бірден бір биологиялық түр ретінде көрінеді. Сонымен қатар шөл және шөлейт жайылымдар шөбінің сұйықтығы, олардағы топырақтың және өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктері (мал тұяғынан және эрозиядан тез бүлінеді де малға бағалы өсімдіктері жойылып кетеді) ол территорияларда фермалар мен бригадаларды шашыратып орналастыруды керек етеді. Сондықтан қой шаруашылығын интенсивтендіру дәрежесі мен оның халық шаруашылығы үшін маңызы табиғи жайылымды интенсивтендіру дәрежесі мен оның халық шаруашылығы үшін маңызы табиғи жайылымдарды жақсартуға байланысты.

Бір қатар отандық ғалымдардың тұжырымдауына қарағанда, төлдің өсіп-жетілуіне яғни болашақ малдың шаруашылыққа пайдалы селекциялық белгілерінің деңгейіне ата-анасының өнімділік деңгейінің, соның ішінде жүн өнімділігінің ықпалы үлкен.

Сондықтан да, тау бөктерінде орналасқан Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты «Мәди» асыл тұқымды жеке шаруа қожалығы жағдайында өсірілетін биязылау жүнді дегерес қозыларының постэмбрионалдық кезеңдеріндегі өсіп-жетілуін, аталық және аналық малдарды жүн өнімділігінің деңгейіне қарай зерттеудің маңызы өте зор.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеудің зер заты ретінде, «Мәди» асылтұқымды жеке шаруа қожалығында өсірілетін құйрықты дегерес қойының биязылау жүнді тұқымшылық сүлесінің аталық, аналық малдары және селекцияның әртүрлі жұп таңдау нәтижесін туған ұрпақтары алынады. Бұл шаруашылықтағы элита және I класқа жататын ұнамды типтегі мал топтарында жүн өнімділігі, яғни қыркылған жүн түсімі бойынша әртүрлі аналық малдар кездеседі. Ал бұл дегеніміз, осы ұнамды қой топтарының жүн өнімділігінің деңгейлеріне байланысты селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізуге немесе осы зерттеуге алынып отырған белгі бойынша жұп таңдау жұмысын жүргізуге мүмкіншілік зор деген сөз.

Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу үшін құйрықты биязылау жүнді дегерес қой тұқымының 3,5 және 4,5 жасар аналық қойлары, қыркылған жүн түсімінің көрсеткіштеріне байланысты үш топқа (I-топ – 3-3,9 кг; II топ – 4-4,9 кг. және III топ – 5 кг. - одан жоғары) бөлінді. Сонымен қатар, қыркылған жүн түсімінің көрсеткіштеріне байланысты сұрыпталынып алынған аналық малдардың (әрбір топта 30 бас аналық) барлығына немесе үш топқа бір бас өнімділік көрсеткіштері элита класына арналған стандарт талабынан жоғары болатын 3,5 жасар негізгі тұқымдық қошқар тағайындалды.

Қойларды қолдан ұрықтандыру науқаны кезінде тәжірибеге алынған саулықтар олардың қыркылған жүн түсімінің көрсеткіштеріне қарай бір текті және әртекті жұп таңдау бойынша қолдан ұрықтандырылады (1-кесте).

1-кесте – Жұп таңдаудың сұлбасы

Ата-ана формалары және олардың қыркылған жүн түсімдері, кг			Жұп таңдау әдісі	Алынған төл топтары
♂	♀	n		
7	3-3,9	30	әртекті	I
7	4-4,9	30	әртекті	II
7	5-одан жоғары	30	біртекті	III

Ғылыми-зерттеу жұмысына алынған биязылау жүнді дегерес қой тұқымының аталық қошқарлары, аналық саулықтары және оларды әртүрлі жұп таңдау нәтижесінде туылған төлдер бір қойшының қол астында күтіп-бағылды.

**Зерттеу нәтижелері және талдау.** Қой шаруашылығында тірі салмақ деңгейі онтогенездің әртүрлі даму сатысындағы өсіп-жетілуін сипаттайтын бірден-бір объективті көрсеткіші болып табылады. Ал қой организмнің өсіп-жетілуі оның ет-май өнімділігіне тәуелді және ол белгілі бір биологиялық заңдылықтарға бағынады, сонымен қатар онтогенез процестері генетикалық және паратиптік факторларға байланысты болады. Сонымен қатар, қозының эмбрионалды және пост-эмбрионалды кезеңдегі тірі салмақ деңгейіне оның ата-анасының тірі салмақтары әсер ететіндігі көпке мәлім. Ендеше біз тәжірибеге алынған биязылау жүнді дегерес қойының аталық және

аналық малдарың қыркылған жүн түсімі деңгейіне байланысты селекцияның әртүрлі жұп таңдау әдісі бойынша алынған қозыларының постэмбрионалдық кезеңдегі тірі салмақ ерекшеліктерін зерттедік (2-кесте).

2-кесте – Қозылардың жасына қарай тірі салмақ ерекшеліктері, кг

Жасына және жынысына қарай бөлу	Топтар								
	I			II			III		
	n	$\bar{X} \pm m_x$	Cv	n	$\bar{X} \pm m_x$	Cv	n	$\bar{X} \pm m_x$	Cv
Еркек қозылар									
Жаңа туғанда	26	4,8±0,03	16,4	30	5,1±0,09	16,4	29	5,5±0,06	15,0
2 айлық	25	30,5±0,59	13,2	28	32,3±0,52	15,0	29	34,7±0,36	12,3
4 айлық	25	35,8±0,49	10,3	28	37,5±0,44	11,5	28	40,5±0,34	9,8
5 айлық	24	33,5±0,31	8,2	28	37,2±0,38	11,0	28	40,8±0,27	8,1
7 айлық	24	37,7±0,21	6,1	27	41,8±0,29	10,1	28	44,5±0,23	7,2
Ұрғашы қозылар									
Жаңа туғанда	27	4,4±0,11	15,5	30	4,5±0,09	15,1	30	4,8±0,08	15,7
2 айлық	27	27,6±0,63	13,2	30	29,2±0,60	14,1	29	31,3±0,49	13,1
4 айлық	25	32,7±0,57	9,8	29	34,8±0,53	10,5	29	37,2±0,42	9,4
5 айлық	25	30,8±0,47	7,8	27	34,2±0,51	9,1	28	37,4±0,34	8,5
7 айлық	23	36,7±0,40	5,3	27	38,5±0,47	8,0	28	41,4±0,27	6,5

Төменде келтірілген сандық мәліметтерімізге анықтама беретін болсақ, тәжірибеге алынған барлық жұп таңдау нәтижесінде алынған жаңа туған қозылардың тірі салмақ көрсеткіштері жеткілікті жоғары болып отыр, соның ішінде еркектерінің тірі салмақтары 4,8-5,5 кг. аралығында болса, ал ұрғашыларыныңкі тиісінше 4,4-4,8 кг. аралығында. Бұл дегеніміз тәжірибеге алынған қозылардың аналарының құрсақтарындағы эмбрионалдық кезеңдерінде жақсы өсіп-дамығандығын көрсетеді.

Ал тәжірибеге алынған қозылардың тірі салмақ деңгейлерін олардың ата-енелерінің қыркылған жүн түсімі көрсеткіштеріне қарай жұп таңдау нұсқаларына байланысты бөліп салыстыратын болсақ, алғашқы және екінші топтағы қозылардың тірі салмақ көрсеткіштеріне қарағанда, үшінші топтағы еркек қозылардың тірі салмақ көрсеткіштері 5,5 кг құрап, 0,7 кг немесе 12,7 % және 0,4 кг. немесе 7,2 % артық екендігін, сонымен қатар III топтағы ұрғашылары 4,8 кг құрап, I және II топтағы құрдастарынан тиісінше 0,4 кг. немесе 8,3 % және 0,3 кг. немесе 6,2 % жоғары екендігін көруге болады.

Тәжірибеге алынған барлық топтардағы қозылардың 4 айлықтарындағы немесе қозылардың сүт ему кезеңдеріндегі жақсы өсіп-жетілу нәтижесінде еркектері 35,8-40,5 кг және ұрғашылары 32,7 – 37,2 кг жеткен. Соның ішінде ең жоғары салмақтағы қозылар ата-аналарының қыркылған жүн түсімі деңгейіне байланысты бір текті жұп таңдау нәтижесінде алынған III топтағы қозылар (еркектері -40,5 кг, ұрғашылары -37,2 кг) болып табылады. Мысалы айтатын болсақ, I және II топтағы өз құрдастарынан еркектері -5,3; 3,0 кг немесе -13,0; 7,4 % және ұрғашылары тиісінше -4,5; 2,4 кг немесе -12,1; 6,4% басымдылық көрсетті.

Жалпылай алғанда барлық топтағы қозылардың сүт ему кезеңдеріндегі өсіп-жетілуі үлкен интенсивтілікпен өсіп, тірі салмақтары бойынша толығымен тұқым стандартына сай екендігін айта кеткен жөн.

Тәжірибеге алынған қозылардың ежелерінен бөлгеннен кейін немесе 5 айлықтарындағы салмақтарын өлшеу барысында үлкен қызығушылық байқалуда. Соның ішінде III топтағы қозылар азда болса салмақ қосса, ал I және II топтағы қозылар керісінше салмақ жоғалтқан. Мысалы III топтағы еркек қозылары -0,3 кг, ұрғашылары -0,2 кг қосса, ал I және II топ өкілдері керісінше -2,3; 0,3 кг және 1,9; 0,2 кг салмақ жоғалтқан.

Жоғарыдағы келтірілген құбылысты келесідей себептермен түсіндіруге болады. Төлдердің жағдайының жақсы кезіндегі өте құнарлы ана сүтінен айырылуы салдарынан, сөйтіп өз беттерімен жайылу арқылы азықтанады, яғни жағдайы нашар кездегі өзіндік азықтану түріне бейімделуге тура келеді. Сонымен қатар, физиологиялық жетілуі толық, керісінше жыныстық жетілуі қарқынды дамиды, осы жыныстық жетілуі кезінде ағзалар мен ұлпаларда құрылымдық өзгерістер жүреді және бұл процесстерде көп энергия қрек етеді. Ал бұл құбылысты белгілі ғалым Ф.М. Мұхаметқалиев қой малы «онтогенезінің құрсақтан кейінгі жетілу кезіндегі қысыл-таяң кезеңі» деп атап көрсеткен.

Қозылардың жыныстық органдары жетіліп және өз беттерімен азықтануға бейімделгеннен кейін орташа қарқынмен салмақ қоса келе 7 айлықтарында барлық топ бойынша еркектері 37,7-44,5 кг және ұрғашылары 36,7-41,4 кг құраған. Соның ішінде III топ өкілдерінің тірі салмақтары еркектерінде 44,5 кг. құрап өз құрдастарынан 6,8; 2,7 кг немесе 15,2; 6,0 %, ұрғашылары 41,4 кг құрап, тиісінше 4,7; 2,9 кг немесе 11,3; 7,0 % артық болып отыр.

Қозылардың дене массаларының абсолюттік және салыстырмалы өсу қарқындылықтары онтогенездің құрсақтан кейінгі кезеңдеріндегі интенсивті өсіп-жетілгендігін көрсетеді.

Біздің зерттеулерімізде еркек қозылардың сүт ему кезеңдеріндегі дене массаларының абсолюттік өсу қарқындылықтары -31,0-35,0 кг аралығында болса, ал ұрғашылары - 28,3-32,4 кг. Соның ішінде III топтағы еркек және ұрғашы қозылардың көрсеткіштері қалған I және II топтағы құрдастарына қарағанда жоғары болып отыр.

Белгілі болғандай, жануарлардың тірі салмақтарының абсолюттік өсу көрсеткіштері олардың интенсивтілігін және тез жетілгіштілігін толық айқындай алмайды, сол себептенде біз қозылардың әртүрлі жас мезгілдеріндегі тәуліктік салмақ қосу қарқындылықтарын есептеп шығардық (3-кесте).

3-кесте – Қозылардың тәулігіне салмақ қосу қарқындылықтары, г

Топтар	Жынысы	Өлшенген кезеңдер, ай есебімен			
		0-4	0-5	0-7	4-7
I	Еркек	258,3	191,3	156,6	21,1
	Ұрғашы	235,8	176,0	153,8	44,4
II	Еркек	270,0	214,0	174,7	47,7
	Ұрғашы	252,5	198,0	161,9	41,1
III	Еркек	291,6	235,3	185,7	48,4
	Ұрғашы	270,0	217,3	174,8	46,6

Біздің сандық мәліметерімізге қарағанда, тәжірибеге алынған қозылардың сүт ему кезеңдеріндегі тәуліктік салмақ қосу қарқындылықтары – топ бойынша еркектері 258,3-291,6 гр, ал ұрғашыларыныңкі 235,8-291,6 г аралығында болып отыр. Оның ішінде, тәулігіне -270,0-291,6 г салмақ қосу қарқындылықтарымен III топтың қозылары I және II топтағы құрдастарынан еркектері 33,3 және 21,6 ал ұрғашылары тиісінше -34,2 және -17,5 гр. артықшылықтарымен көзге түсуде.

Құйрықты қозылардың туғаннан 4-4,5 айлық мерзімдеріне дейінгі бұндай жоғары деңгейдегі тәулігіне салмақ қосу ерекшеліктерін, құйрықты қойлардың эволюциялық даму процесі кезіндегі аналықтарының жоғары деңгейдегі сүттілік және олардың мал өсіру жағдайына жақсы бейімделгіштілік қабілетін –постнатальді онтогенездің генетикалық шартты ырғақтылығы деп түсінуге болады.

Сонымен, барлық өлшеу кезеңдерінде, тәжірибеге алынған қозылардың ішіндегі III немесе жүн өнімділік деңгейлері жоғарыаталық және аналық малдарды гомогенді жұп таңдау нәтижесінде туған малдардың тәулігіне салмақ қосу қарқындылықтары басым болып отыр.

Жүн ұзындығы – қой малының жалпы өнім деңгейіне ықпалын тигізетін селекциялық және технологиялық көрсеткіш болып табылады, соның ішінде қырқылған жүн түсіміне ғана емес, оның басқа да бір қатар шаруашылыққа пайдалы белгілерге ықпалы зор.

Жүн өнімінен жасалатын жоғары сапалы бұйым дайындау үшін, оның өзіндік физика-механикалық үйлесімділігі жоғары болу керек, ал іс жүзінде бұндай қолайлы үйлесімділік нәтижесі тек қана қой жүнінен табылады.



Біздің зерттеу нәтижелеріміз бойынша жаңа туған кездерінде-ақ тәжірибеге алынған қозыларының ішіндегі III топ өкілдерінің жүн талшықтары (2,2-2,0 см.) қалған I және II топтағы өз құрдастарына қарағанда, еркектері 45,4 және 22,7 %, ұрғашылары тиісінше 25,0 және 50,0 % басым түскен ( $P>0,999$ ). Барлық жағдайдағы айырмашылықтар жоғары сенімді (4 және 5 кестелер).

Тәжірибеге алған барлық үш топтағы қозылардың жасына қарай жүн талшықтарының өсу динамикасына қарағанда, онтогенездің құрсақтан кейінгі жетілу кезеңіндегі алғашқы төрт айлықтарына дейін қарқынды өскен.

Сонымен топ бойынша қозылардың 4-4,5 айлықтарындағы жүн талшықтарының ұзындықтары, еркектерінде 6,8–8,8 см, ал ұрғашыларында 7,8–8,5 см жеткен. Оның ішінде III топтағы еркек қозылардың жүн ұзындықтары, өз құрдастарына (I және II топ) қарағанда 22,7 және 9,1 %, ұрғашылары 8,2 және 22,3 % жоғары болып отыр.

4-кесте – Еркек қозылардың туғаннан 7-айлықтарына дейінгі жүн талшықтарының өзгергіштіктері, см

Жүн сапасы	Көрсеткіштер	Еркек				
		туғанда	2 ай	4 ай	5 ай	7 ай
I	$n$	26	25	25	24	24
	$\bar{X} \pm m_x$	1,2±0,02	3,6±0,07	6,8±0,10	8,8±0,11	9,3±0,09
	$\sigma$	0,21	0,55	0,81	0,84	0,69
	$Cv$	17,5	15,3	11,9	9,5	7,4
II	$n$	30	28	28	28	27
	$\bar{X} \pm m_x$	1,7±0,05	4,0±0,09	8,0±0,16	9,1±0,15	10,7±0,14
	$\sigma$	0,41	0,81	1,33	1,23	1,16
	$Cv$	24,1	20,2	16,6	13,5	10,9
III	$n$	29	29	28	28	28
	$\bar{X} \pm m_x$	2,2±0,07	4,5±0,11	8,8±0,18	9,9±0,19	11,4±0,15
	$\sigma$	0,49	0,77	1,27	1,26	1,02
	$Cv$	22,2	17,3	14,4	12,8	9,0

5-кесте – Ұрғашы қозылардың туғаннан 7-айлықтарына дейінгі жүн талшықтарының өзгергіштіктері, см

Жүн сапасы	Көрсеткіштер	Еркек				
		туғанда	2 ай	4 ай	5 ай	7 ай
I	$n$	27	27	25	25	23
	$\bar{X} \pm m_x$	1,5±0,14	3,9±0,10	7,8±0,16	8,9±0,17	10,6±0,17
	$\sigma$	0,36	0,79	1,25	1,30	1,30
	$Cv$	24,0	20,3	16,0	14,6	12,2
II	$n$	30	30	29	27	27
	$\bar{X} \pm m_x$	1,0±0,02	3,0±0,05	6,6±0,08	7,8±0,10	9,1±0,08
	$\sigma$	0,17	0,44	0,73	0,82	0,72
	$Cv$	17,0	14,9	11,0	10,5	7,9
III	$n$	30	29	29	28	28
	$\bar{X} \pm m_x$	2,0±0,06	4,2±0,12	8,5±0,22	9,3±0,22	11,0±0,19
	$\sigma$	0,47	0,84	1,49	1,41	1,21
	$Cv$	23,5	20,1	17,5	15,2	11,0

Жоғарыда аталғандай малдың жүн өнімділігіне, оның ішінде жүн ұзындығына азықтандыру жағдайы үлкен әсерін тигізетінін ескеретін болсақ, топ бойынша қозылардың еселерінен бөлгеннен, 7 айлықтарына дейін аталған белгі шамамен бар болғаны 2-3 см. аралығында ғана өскен. Бұның себебін: жоғарыда аталып өткендей төл онтогенезінің құрсақтан кейінгі кезіндегі «қиыншылық кезеңі» деп түсіндіруге болады.

Сонымен топ бойынша қозылардың жүн ұзындықтары еселерінен бөлгеннен 7 айлықтарына дейін орташа қарқынмен өсе келе, еркектері 9,3-11,4 см, ұрғашылары 9,1-11,0 см аралығына жеткен. Оның ішінде III топтағы еркек қозылар қалған өз құрдастарына (I және II топ) қарағанда 18,4 және 6,1 %. Барлық жағдайдағы айырмашылықтар жоғары сенімді ( $P>0,999$ ). Ұрғашылары 3,6 және 17,2 % ( $P>0,999$ ) басым болды.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, құйрықты биязылау жүнді дегерес қой тұқымының аталық және аналық малдарын жүн түсімінің деңгейіне байланысты селекцияның әртүрлі (гомогенді және гетерогенді) жұп таңдау әдісі арқылы алынған ұрпақтарының өсіп-жетілу ерекшеліктері құбылып отыратындығы анықталды. Соның ішінде, III топтағы немесе жүн өнімділік деңгейлері жоғары аталық және аналық малдарды гомогенді жұп таңдау нәтижесінде туған малдардың өсіп-жетуі ерекшеліктері жоғары болып отыр. Бұл дегеніміз, олардың ата-аналарының жүн өнімділігіне қарай біртекті жұп таңдау нәтижесінде болып отыр деп түсінуге болады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Садыкулов Т.С., Ким Г.Л. Рекомендация по племенной работе с овцами дегересской курдючной породы. – Алматы, 2014. – С. 5-6.
- [2] Садыкулов Т.С., Жазылбеков К.Ж. Методы создания внутривидового зонального типа дегересской курдючной породы овец // Материалы IV Международной научно-практической конференции. – Улан-Батор, 2001. – С. 47-48.
- [3] Бегембеков К.Н., Садыкулов Т.С., Бекбосынов К.Р. Совершенствование дегересской курдючной породы овец в условиях Центрального Казахстана. (Рекомендации). – Алматы: ТОО «Жания-Полиграф», 2006. – С. 11-14.
- [4] Садыкулов Т.С., Адылканова Ш.Р., Ким Г.Л. Проблемы использования генофонда мясо-сально-курдючных пород в отечественном овцеводстве // Вестник с.-х. науки Казахстана. – Алматы, 2000. – № 7. – Б. 24-25.

#### REFERENCES

- [1] Sadykulov T.S., Kim G.L. Rekomendacija po plemennoj rabote s ovcami degeresskoj kurdjuchnoj porody. Almaty, 2014. P. 5-6.
- [2] Sadykulov T.S., Zhazyzbekov K.Zh. Metody sozdanija vnutripodnogo zonal'nogo tipa degeresskoj kurdjuchnoj porody ovec // Materialy IV Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii. Ulan-Bator, 2001. P. 47-48.
- [3] Begembekov K.N., Sadykulov T.S., Bekbosynov K.R. Sovershenstvovanie degeresskoj kurdjuchnoj porody ovec v uslovijah Central'nogo Kazahstana. (Rekomendacii). Almaty: TOO «Zhanija-Poligraf», 2006. P. 11-14.
- [4] Sadykulov T.S., Adykanova Sh.R., Kim G.L. Problemy ispol'zovanija genofonda mjaso-sal'no-kurdjuchnyh porod v otechestvennom ovcevodstve // Vestnik s.-h. nauki Kazahstana. Almaty, 2000. N 7. P. 24-25.

**Е. Б. Баймәжі, М. Рысбаев, А. Т. Есекеева**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

#### **ОСОБЕННОСТИ РОСТА И РАЗВИТИЯ ЯГНЯТ ДЕГЕРЕССКИХ ПОЛУТОНКОРУННЫХ ОВЕЦ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ УРОВНЯ НАСТРИГА ШЕРСТИ**

**Аннотация.** Представлены результаты исследований особенностей роста и развития ягнят дегересской курдючной породы овец в зависимости от уровня настрига шерсти.

**Ключевые слова:** селекция, самец, самка, отбор, гомогенный и гетерогенный подбор, настриг шерсти, рост, развитие, пол, курдючные овцы, бонитировка.

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

<http://agricultural.kz/>

Редактор *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 10.02.2017.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
11,9 п.л. Тираж 300. Заказ 1.